

# ЭКОНОМИКА

---

NEWS

OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

SERIES OF AGRICULTURAL SCIENCES

ISSN 2224-526X

Volume 5, Number 35 (2016), 128 – 131

N. A. Gumar

The professor of Eurasian technological university

## STATE OF CREDITING OF AGRICULTURAL SECTOR OF KAZAKHSTAN

**Abstract.** The rural economy is of great importance in the economy of the country. Its value is not only in ensuring the needs of people in food, but that it substantially affects the employment and the efficiency of the entire national production. One of the weaknesses of this sector is lack of access to financial services and investment unattractiveness of the industry.

**Keywords:** the agricultural sector of Kazakhstan, condition of urbanization, financial funding of regions, the causes of agglomeration, lending, financial funding, a specialized Bank.

ӘОЖ 338.434.33

Н. А. Гумар

Еуразия технологиялық университеті

## ҚАЗАҚСТАННЫҢ АУЫЛШАРУАШЫЛЫҚ СЕКТОРЫН НЕСИЕЛЕУ ЖАҒДАЙЫ

**Аннотация.** ҚР жер Кодексінде болған өзгерістермен байланысты, сан алуан сұраптардан кейін, еліміз тұған жерге деген көзқарасын жаңа арнаға бұрды. Экономиканың басқа салаларының көлемесінде табыссыз болып келген ауылшаруашылығына жаңа серпін жасау қажеттілігі туындағы. Аталған мақалада ауылшаруашылығын дамытумен байланысты сұраптар қозғалады.

**Түйін сөздер:** Қазақстанның ауылшаруашылық секторы, урбандалу жағдайы, өнірлерді қаржыландыру, агломерация себептері, несиелеу, қаржыландыру, маманданған банк.

**Кіріспе.** Қазақстанның ауылшаруашылық секторы, үнемі ұмыт қалып, қанша реформа, өзгерістер болып жатса да, ел егемендігін алғалы бері еленбей келе жатқан секторлардың бірі болып отыр. Олай дейтін себебім, ауылшаруашылық өнімдерінің ел аумағында өндірілгені, халықты толық қамтамасыз етуге жетпей, Қытай, Өзбекстан, Ресей сыйекты елдердің азық-түлік өнімдеріне арқа артып келеміз. Қазақстанның мықты ауылшаруашылық әлеуеті бола отырып, басқа елдерге алақан жаюдын көптеген себептері бар.

Жер Кодексіне байланысты соңғы күндері тұған сан пікір Ел басының жер сұраптарына қа-  
тысты мораторий жариялауына әкелді. Әлемнің көптеген бөлігінде тұрғындары аграрлық сектор  
дамыған беліктерде өмір сүрге ұмтылса, бізде урбандалу жағдайы жоғары болып отыр.

Қазақстан халқы ауыл шаруашылығымен айналысқаннан гөрі, ел тығыз қоныстанған қала-  
ларда тұрып, сауда-саттықпен өмір сүрге тырысады. Статистика деректеріне сүйенсек, елдің қала-  
ға кетуі аграрлық өнірлерде жиі орын алғып отыр: Батыс Қазақстан, Шығыс Қазақстан, Солтүстік  
Қазақстан, Оңтүстік Қазақстан, Қостанай облыстарында.

«Экономикалық зерттеулер институты» АҚ әзірлеген сараптамаға сүйенсек, қазіргі уақытта  
республикада өнірлерді қаржыландыру қалыптасқан бюджетаралық қатаистар жүйесі шенберінде



Көші-қон арқылы ауыл тұрғындары санының осуи/азауы (2011–2013 жылдары)

Қайнар көзі: «Экономикалық зерттеулер институты» АҚ зерттеулерінен алынған

жүзеге асырылуда, ол донор өнірлерден реципиент өнірлерге (экономикалық тұрғыдан артта қалушы облыстарға бюджеттік субвенциялар беру) бюджет қаржатын қайта бөлуге негізделген деп көрсетеді. Республикадағы осындай бюджетаралық қатынастар жүйесі өздерінің аумақтарының әлеуметтік-экономикалық дамуының осу қарқынын ұлғайтуға жергілікті атқарушы органдарды (донор өнірлерді де, сондай-ақ реципиент өнірлерді де) қажетті жағдайда ынталандырмайды. Сол себепті мемлекет агломерация себептерін анықтап, бұл үрдісті тиімді қолдану жақтарын қарастыруда [1].

Қазақстанда агломерациялардың дамуының тиімді тұстарымен қатар әлсіз тұстары да бар, оны төменде көлтірілген 1-кестеден байқауымызға болады.

Қалаларға көшкен халықтың бірден тұрмыстары 100 пайыз жөнделіп кетті деп айта алмаймыз. Бұл жерде ауылшаруашылық өнірлерін дамытудың көптеген мәселелері бар, ол тұрғындардың қалаға ағылуы, жеткілікті қаржыландырудың болмауы, мемлекеттік бағдарламалардың тиісті дәрежеде іске асырылмауы, жалпы бір сөзben айтқанда, мемлекеттік реттеудің өз дәрежесінде жүзеге асырылмауы. Мемлекеттік реттеудің түбірінде: агралық өнірлерді несиелев мен қаржыландыру, мемлекеттік қолдау және салық салу сияқты қаржылық мәселелер мен тәуекелдер де тұр. Өйткені, ауылшаруашылық секторы басқа салалардан, экономикалық тұрғыдан алғанда, аз кірістілігі мен жоғары тәуекелдерімен ерекшеленетін сектор болып табылады. Алдын ала есептелген қаржылық тәуекелдермен қоса, табиғаттың қолайсыздығы, зиянды жәндіктер сияқты қосымша шығындар да болуы әбден мүмкін.

Бүгінгі күні, аграрлық сектор экономикадағы қосымша инвестициялар мен қаржыландыру көздерін ауадай қажет ететін секторлардың біріне айналып отыр. Техникалардың ескіруі, елдің табиғи ерекшеліктеріне негізделген жана технологиялардың, өндірістік босалқылардың болмауы, тәжірибелі мамандардың жетіспеуі және арнайы сақтау орындары мен қоймалардың талапқа сай келмеуі, негізгі капиталдың аздығы сияқты сұраптардың жиі орын алуы, бұл салаға банктер мен қаржысы бар инвесторларды қызықтырмай отырғаны белгілі. Сондықтан да, Үкімет игерілмей жатқан жерлерді ұзақ мерзімді жалға беруді мәселені шешудің көзі ретінде қарастырып отыр.

Мемлекет қаржы көздерін іштеп ізде, Мемлекеттік аграрлық банк қызметін жаңдандырса, ауылшаруашылығы өндірісін қолдаушылар табылар еді деген үміттеміз. Еуропаның көптеген елдерінде, тиімді жұмыс атқаратын аграрлық банктер бар, алысқа бармай ақ Ресейдегі «Россельхозбанк» акционерлік қоғамын алсақ, 75 филиалы табысты қызмет етіп келеді. Ресей жетекші банктерінің ондығынан бесінші орынды жұлып алған бұл банктің бірнеше елде өкілдіктері бар: Белоруссия, Тәжікстан, Армения, Азербайджан және Қазақстанда [2].

Аталған банктің бір бағдарламасы – сатып алынатын техника мен технологиялар кепілдігі есебінен ұсынылатын несиелер, бұл несиелер банктің қазіргі ең тартымды несиесі болып отыр. Екінші бағдарлама, астық құрғату (кеptіру) және мал азығы құрал-жабдықтары бағытында болса,

## 1-кесте – Қазақстанда агломерациялар дамуының SWOT-талдауы

Мыңты тұстары	Әлсіз тұстары
<ul style="list-style-type: none"> <li>– білім беру, деңсаулық сақтау, мәдениет және бос уақыт салаларында қызмет көрсетудің жоғары деңгей (елдің басқа өнірлерімен салыстырында);</li> <li>– халықтың табиги және көші-қон арқылы есуінің оң көрсеткіштері;</li> <li>– шағын және орта бизнесті дамыту үшін қолайлышағайтар;</li> <li>– кадрлық базаның болуы.</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>– қоныстанудың төмен тығыздығы, 2 млн. адамнан астам халқы бар орталық-қалалардың болмауы;</li> <li>– орталық қалалардың және іргелес аймақтардың (елді мекен жүйелерінің) ортақ жүйелі инфрақұрылымының болмауы;</li> <li>– орталық-қалалар ішінде тиімсіз көліктік инфрақұрылым (көлік көптелістері);</li> <li>– ірі қалалардағы жағымсыз экологиялық жағдай (газдану, «жасыл экономиканың» смарт-технологияларын қолданбау, қоғамдық көліктің дамымауы, қалалардың ішінде экологиялық емес және энергияның қажетсінетін өндірістердің болуы);</li> <li>– қалалarda рекреация және жасыл аймақтардың жеткілік-сіз дамуы;</li> <li>– елдің ірі қалаларында тартымды брендтердің (танымал халықаралық имидждің) болмауы;</li> <li>– елдің ірі қалаларының жаһандық және өнірлік нарықтардағы төмен бәсекеге қабілеттілігі;</li> <li>– орталық қала мен қала маңындағы елді мекендердің бірыңғай заманау қала құрылышы құжаттамасының болмауы.</li> </ul>
Мүмкіндіктер	Қатерлер
<ul style="list-style-type: none"> <li>– экономиканың толық қайта құрылуы (индустримальдан кейінгі даму);</li> <li>– көптеген және әртараптандырылған еңбек нарығының қалыптасуы;</li> <li>– тауарлар мен көрсетілетін қызметтерді өткізу дің сыйымды нарығының тартымдылығын арттыру;</li> <li>– «инфрақұрылымдық әсер» құру (куатты көлік кешендері, мультимодальды тораптар, ақпараттық коммуникациялар);</li> <li>– ірі орталықпен көрші болу әсері, яғни барлық агломерация түрғындарының агломерациялардың әртурлі аймақтарының еңбек, білім беру, сауда, мәдени және басқа да мүмкіндіктерге толық көлемде қол жеткізуі.</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>– біліктілігі төмен еңбек ресурстарының бақылаусыз жаппай келуінің салдарынан «жалған урбанизация»;</li> <li>– түрғын үй тапшылығы;</li> <li>– жоғары жұмыссыздық;</li> <li>– қалалық әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылымға шамадан тыс салмақ салу;</li> <li>– қала шетінде ретсіз құрылыш салу;</li> <li>– келетін халықтың маргиналдануы мен асоциализациясы (қылымстың көбеюі)</li> </ul>

Дереккөз: [1].

үшінші бағдарламасы қолданыстағы техникаларды сатып алуға бағытталған. Төртінші бағдарлама өндеуші құрал-жабдықтар кепілдігіне негізделген.

Осы мемелкеттер тәжірибесін ала отырып, біздің елімізде де аграрлық сектордың экономикалық өсімін қолдайтын уақыт жетті. Ауылшаруашылық секторын дамыту және шаруашылық капиталын құру көзі ретінде банктік несиелерді қолдау, мыңты экономикалық тірек болар еді. Несиелеу арқылы меншікті капиталы жеткіліксіз сектор уақыт ұтар еді және де ауылшаруашылық секторындағы капитал айналымына жағымды әсер етеді.

2009-2014 жылдар аралығына көз жіберетін болсақ, экономика салалары бойынша 1558 906 млн теңге көлемінде несие берілген (2-кесте), оның ішінде экономиканың 9 саласы бойынша несиелеу жүзеге асырылған [3].

Аталған салаларға жіберілген несиелік ресурстардың көлеміне келетін болсақ, 2014 жыл нәтижесін өндірістік емес салаға салынған қаржатапен салыстырында ауыл шаруашылығына 54 есе кем, сауда саласымен салыстырында 17 есе кем көлемде несиелеу жүргізіліпті. Бұл көрсеткіштер ауылшаруашылығы саласына қолдаудың мәрдымсызы екендігін тағы дәлелдеп отыр. Және де аталған кестеден 2010-2012 жылдары несиелеу көлемінің жоғары болғанын, 2013-2014 жылдары күрт төмендегенін көруге болады.

Елімізде ауылшаруашылық секторын шағын, орта және ірі бизнес саласын қаржыландыруышы несиелік институттар: екінші деңгейдегі банктер, несиелік серік тестіктер, «Ұлттық холдинг» АҚ, «ҚазАГРО» және т.с.с. мекемелер болып отыр. Алайда, тағы да ауылшаруашылық секторларының қолында меншікті қаржыларының болмауы банктен несие алу мүмкіндігін шектеп отыр.

## 2-кесте – Банктармен экономика саласын несиелеу, млн тенге

Көрсөткіштің атауы	12.2009	12.2010	12.2011	12.2012	12.2013	12.2014
	Жылдар					
Экономиканың салалары бойынша барлығы	371 465	522 686	753 000	858 681	841 475	1 558 906
Өндірістік емес сала	76 292	128 344	160 601	229 560	295 966	920 373
Сауда	135 862	172 382	272 600	263 176	306 516	305 968
Өндесуші өнеркәсіп	60 023	51 430	106 323	104 059	67 533	136 605
Құрылым	29 317	58 369	47 857	69 718	52 035	66 405
Көлік	19 303	31 406	39 639	51 349	38 643	52 293
Тау-кен өнеркәсібі	11 652	9 690	25 971	31 803	46 368	24 316
Байланыс	879	6 397	1 501	6 101	11 985	20 149
Ауыл шаруашылығы	36 485	61 014	71 888	98 175	14 271	17 937
Өнеркәсіптің басқа да салалары	1 652	3 654	26 620	4 741	8 158	14 861

Ескерпе: [4] деректері бойынша автормен құрастырылды.

Несие ұсынудың икемді сыйбасының жоқтығы экономиканың бір салаларын шектен тыс несиелеу жүргізсе, екінші әлеуметтік және экономикалық маңызы бар салалардың, соның ішінде ауылшаруашылығы саласының да сырт қалғанын көрсетіп отыр. Кейбір жағдайда арнайы маманданған банктардің болмауы, дедал банктардің қолына түсken қаржының өз мақсатына жетпейтіндігін де көрсетеді. Өйткені дедал банктер арқылы жүргізілетін несие қымбатқа түсери белгілі. Сондықтан ауылшаруашылығын қаржыландыру мен несиелеуді қолға алған кезде, артық буындардың болмауын, қаржыны өз уақытында, тиісті мақсатқа жеткізілуін қамтамасыз ету қажет. Бұл жөнінде Елбасының бірнеше Жолдаулары мен мемлекеттік бағдарламаларда айтылып, мәселе қозғалып келеді [5].

Корытындылай келе:

- ауылдардың әлеуметтік мәселесін шешіп алмай, ауылшаруашылығын дамыту мүмкін емес, себебі жұмыссыз, жерсіз, үйсіз жастар қалаға паналауын қоймайды;
- ауылдық жерлердің беделін көтеру қажет, ол үшін ауылдық жерлердің жалақысын арттыру керек, мал, өсімдік, егін, жер шаруашылығын жаңдандыру керек;
- ішкі нарыққа және экспортқа шығатын ауыл шаруашылығы өніміне және азық-түлікке сұранысты арттыру қажет, ол үшін тиімді қаржыландыру мен несиелеу тәжірибесін зерттең, маманданған банктар қызметін қолдау керек;
- сондай ақ мемлекеттік реттітеуді күшітүу керек.

### ӘДЕБИЕТ

- [1] «Экономикалық зерттеулер институты» АҚ ресми сайты - <http://www.economy.kz/>
- [2] ЖАҚ «Россельхозбанк» ресми сайты - <http://www.rshb.ru/>
- [3] КР Үлттік банктің ресми сайты - <http://www.nationalbank.kz>
- [4] КР Үлттік банктің «Каржы тұрақтылығы» есебі, 2014 ж.
- [5] Гумар Н.А., Андосова А.Р. Банктік қызметті дағдарыска қарсы басқару. Журнал. Проблемы Агрорынка. Мамыр. 2016 ж.

### REFERENCES

- [1] "Economic Research Institute" on the official website - <http://www.economy.kz/>
- [2] The official site of "Russianagrifbank" - <http://www.rshb.ru/>
- [3] The site of the National Bank of the Republic of Kazakhstan <http://www.nationalbank.kz>
- [4] Report of the National Bank, "Financial Stability", 2014
- [5] Gumar N. A., Andosova A. N., Activities for crisis management of banking activities. Journal. Problems of agricultural market. May. 2016.

### Н. А. Гумар

Евразийский технологический университет

### СОСТОЯНИЕ ФИНАНСИРОВАНИЯ СЕЛЬСКОХОЗЯЙСТВЕННОГО СЕКТОРА

**Аннотация.** Сельское хозяйство имеет огромное значение в экономике страны. Значение его не только в обеспечении потребностей людей в продуктах питания, но и в том, что он существенно влияет на занятость населения и эффективность всего национального производства. Одним из слабых сторон этого сектора является затрудненный доступ к финансовым услугам и инвестиционная непривлекательность отрасли.

**Ключевые слова:** сельскохозяйственный сектор Казахстана, состояние урбанизации, финансирование регионов, причины агломерации, кредитование, финансирование, специализированный банк.